

**«Dariya» балабақшасы 2025 – 2026 оқу жылына мектепке дейінгі
ұйымның Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

Қаңтар 2026 ж

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі,
Қамқоршылық кеңес
мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Жаңа жылдық және мерекелік іс – шаралардың қорытындысын талқылау.
2. Балалардың денсаулығын нығайту, қысқы кезеңдегі сырқаттанушылықтың алдын алу шараларын қарау.
3. «Балмұздақ музейіне» балалардың танымдық саяхатын ұйымдастырудың нәтижесін талқылау.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Усербаева А. 2025 – 2026 оқу жылының жоспарына сәйкес өткізілген Жаңа жылдық ертеңгіліктер мен мерекелік іс – шаралардың есебін оқыды. Ол мерекелердің жоғары деңгейде өткенін, балалардың белсенді қатысқанын және ата – аналар тарапынан жақсы пікірлер түскенін атап өтті. Сондай – ақ іс – шаралар кезінде қауіпсіздік ережелері толық сақталғаны айтылды.

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Шоферова Ж мерекелік безендірулер мен балалардың костюмдері өте тамаша болғанын атап өтті. Ата – аналар атынан балабақша ұжымына үлкен алғыс білдірді.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. қысқы кезеңдегі балалардың денсаулығы мен сырқаттанушылықтың алдын алу шаралары туралы айтып өтті. Ол топтардың ауа температурасының сақталуын, бөлмелерді желдету және кварцтау кестесін таныстырды. Балалардың ас мәзіріне дәрумендердің үнемі берілетіндігін және таңертеңгілік сүзгі жұмысының қатаң қадағаланып отырғанын жеткізді.

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Исмилова А тұмау мен суық тиюдін алдын алу үшін балаларды таза ауада серуендету уақытын ауа райына байланысты дұрыс реттеу керек екендігін айтты.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Усербаева А. сөз алып, балалардың дүниетанымын кеңейту мақсатында Алматы қаласындағы «Балмұздақтар музейіне» экскурсия ұйымдастырылғанын айтты.

Саяхаттың мақсаты – балаларды өндіріс тарихымен таныстыру және әлеуметтік дағдыларды дамыту. Шығындар мен көлік мәселесі Қамқоршылық кеңеспен келісілгенін атап өтті. Саяхат жоғары дәрежеде өтті. Балалар балмұздақ дайындау технологиясымен танысып, шығармашылық мастер – классқа қатысты.

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес мүшесі сөз алып, ұйымдастыру жұмыстарына ризашылық білдіріп, мұндай практикалық шаралардың жиі өтіп тұруын қолдады.

Қаулы:

1. Өткізілген Жаңа жылдық және мерекелік іс – шаралардың қорытындысы «Қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Қысқы кезеңде балалар арасындағы сырқаттанушылықтың алдын алу шаралары күшейтілсін.
3. Таңертеңгілік балаларды қабылдау кезеңдегі «медициналық сүзгі» жұмысы қатаң бақылауға алынсын.
4. **«Dariya»** балабақшасы балаларының балмұздақ музейіне саяхатының нәтижесі «өте жақсы» деп танылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Шоферова Ж.

Хатшы:

Шамиева С.